**Автор**: Ахметова Шолпан Бурабаевна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Жер және Ғарыш: Ғарыш
**Тақырып**: Жер мен күн

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.4.1.1 - Жер мен Күн арасындағы байланысты, күннің пайдасы мен зияны туралы түсіндіру. |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушылардың барлығы: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. Сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.<br>Оқушылардың кейбіреуі: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Күтілетін нәтиже: | Жеке, жұптық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | оқушыларды ынтымақтастыққа, жеке, жұптық жұмыстар арқылы бір-біріне қолдау көрсетуін дамыту. |
| Пәнаралық байланыс: | дүниетану |

## Сабақ барысы

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы (5мин)</td><td>
<table><tr><td>Психологиялық ахуал қалыптастыру</td><td>Табиғатқа баламыз,<br>Табиғатты қорғайтын<br>Біз әдепті баламыз.<br>Жер байлығы көп екен,<br>Меңгеруді қалайды.<br>Осының бәрін меңгертер,<br>Жаратылыстану сабағы.</td></tr></table>
Балалар сабағымызды бастамас бұрын өткен сабақты қайталап алайық.<br>«Зымыран сұрақтары» үй жұмысын тексеру<br>• Табиғат ресурстары дегеніміз не?<br>• Табиғат ресурстары қандай топқа бөлінеді?<br>• Қандай табиғат ресурстарын біз күнделікті өмірде пайланамыз?<br>• Теңіз суы табиғат ресурсы болып табылама?<br>• Барлық ресурстардың көзі не?<br>• Табиғат ресурстарының көздерін атаңдар.</td><td></td></tr>
</table>

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (33мин) | «Сұрақ-жауап» әдісі<br>-Бұл не? -Жерден қалай орналасқан?<br>-Күн сәулесі қандай?<br>Сен түнгі аспанды көрдің бе?<br>Түнгі аспаннан нені байқауға болады?<br>Біздің ғаламшарымызға ең жақын орналасақан қай жұлдыз деп ойлайсың? Күн бізге өте жақын орналасқан сарғыш жұлдыз. Ол газдан құралған өте ыстық шар тәрізді дене. Күннің жасы шамамен 4,5 млрд. жыл. Оныңсәулесі Жерге шамамен 8 минутта жетеді. Күн бізге жылу мен жарықбереді.<br><br>Видеожазба көрсету<br>"Кезбе тілші" оқушылар видеоматериал бойынша сұрақтар дайындап, бір-біріне қояды.<br>- Балалар көрген видеожазбамыз арқылы Дұрыс-дұрыс емес ойынын ойнайық.<br>- Балалар қолымызды көтеріп күн жайлы мәліметтің дұрыс-дұрыс емесін айтамыз.<br>Артығын алып тастау ойыны.<br>Зерттеу жұмысы<br>1.Топ басшысы Жәния<br>2.Топ басшысы Ернұр<br>3.Топ басшысы Адия<br>4.Топ басшысы Тайырхан<br>5.Топ басшысы Ерасыл<br>1 топ – дала мен бөлменің температурасын өлшеп, салыстырады<br>2 топ – күннің бөлме өсімдіктеріне пайдасы мен зиянын анықтайды.<br>3 топ – күн біздің ғаламшарымызға не беретінін анықтайды.<br>4 топ – күннің адам денсаулығына пайдасын анықтайды.<br>5 топ – күннің адам денсаулығына тигізетін зиянын анықтайды. Топтық бағалау: бірін бірі бағалайды.<br>Суретке қара.Оны сипатта. | htt ps://imektep.kz/kz/kun<br><br>https://imektep.kz/kz/game#true_false-1343<br>https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-980 |
| Сабақтың соңы (2мин) | -Бүгінгі сабақта қалай жұмыс істедің?<br>- Не қиын юолды? -<br>не білдің? Не үйрендің? | |